

Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 8С-12/20 "2024-2026 жылдарға арналған Бурабай ауданының Кенесары ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 наурыздағы № 8С-14/7 шешімі

Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бурабай аудандық мәслихатының "2024-2026 жылдарға арналған Бурабай ауданының Кенесары ауылдық округінің бюджеті туралы" 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 8С-12/20 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 192264 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған Бурабай ауданының Кенесары ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 35827,4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 16319,4 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 19508,0 мың теңге;

2) шығындар – 36581,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, оның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -753,6 мың теңге;

6) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 753,6 мың теңге.";

Бурабай аудандық мәслихатының көрсетілген шешімінің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

келесі мазмұндағы 4-1-тармағымен толықтырылсын:

"4-1. Аудан бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдардың жүргізушілеріне лауазымдық жалақысының 100 %-на дейінгі мөлшерде ынталандырушы үстемеақылар қарастырылсын."

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Бурабай аудандық мәслихатының төрағасы

М.Нұрпанова

Бурабай аудандық
мәслихатының
2024 жылғы 6 наурыздағы
№ 8С-14/7 шешіміне
қосымша
Бурабай аудандық
мәслихатының
2023 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 8С-12/20 шешіміне
1-қосымша

2024 жылға арналған Кенесары ауылдық округінің бюджеті

Санаты				сома, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	35827,4
1			Салықтық түсімдер	16319,4
	01		Табыс салығы	6897,4
		2	Жеке табыс салығы	6897,4
	04		Меншікке салынатын салықтар	8972,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	634,0
		3	Жер салығы	175,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	7172,0
		5	Біріңғай жер салығы	991,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	450,0
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер	450,0

2			Салықтық емес түсімдер	0,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4			Трансферттердің түсімдері	19508,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	19508,0
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттен берілетін трансферттер	19508,0

Функционалдық топ				сома, мың теңге
	Бюджеттік бағдарлама әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	36581,0
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	31421,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	31421,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	31121,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2438,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент	2438,0

			, ауылдық округ әкімінің аппараты	
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	2228,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	210,0
12			Көлік және коммуникация	2722,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2722,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2722,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-753,6
			VI. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(753,6

